

"Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 04 маусымдағы № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 14 маусымда № 8511 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2014 № 862 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6103 болып тіркелген және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2010 жылғы сәуір, № 4) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу ережесін және Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесін бекіту туралы»;

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н . » ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру е р е ж е с і н д е :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесі»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін басқару құқығына емтихандарға адамдарды жіберу және куәліктер беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды емтиханға жіберу және оларға жүргізуші куәліктерін беру және оларды көлік құралдарын басқаруға жіберу тәртібін белгілейді.»;

1-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
1-қосымша

» ;

2-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
2-қосымша

» ;

3-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
3-қосымша

» ;

4-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
4-қосымша

» ;

5-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
5-қосымша

» ;

6-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
6-қосымша

» ;

7-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
7-қосымша

» ;

8-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«
Көлік құралдарының жекелеген
түрлерін басқару құқығына
емтихандарға адамдарды жіберу
және куәліктер беру ережесіне
8-қосымша

» ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Емтихандар қабылдауды, азаматтарға жүргізуші куәліктерін және «А», «В», «С», «Д», «Е» санатындағы көлік құралдарын, сондай-ақ трамвайларды, троллейбустарды басқаруға жүргізушілерге рұқсаттар беруді Қазақстан Республикасы ІІМ жол полициясының тіркеу-емтихан бөліністері (бұдан әрі – ТЕБ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1671

қаулысымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырады.»;

5-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«емтихан комиссиясы – көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау бағдарламалары бойынша көлік құралын басқару құқығын алу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысымен бекітілген Жол қозғалысы қауіпсіздігі ережесін (бұдан әрі – ЖҚЕ) білуіне емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін аумақтық ішкі істер органының бұйрығымен бекітілген комиссия.»;

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «А», «В», «С», «Д», «Е» санатындағы көлік құралдарын, трамвайларды, троллейбустарды басқару құқығын алуға ниет білдірген, оқу ұйымдарында толық даярлық курсынан, ал оқу басталғанға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) сәйкес № 083/е нысан бойынша анықтама (бұдан әрі – 083-у нысаны бойынша медициналық анықтама) ұсына отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 709 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5898 болып тіркелген) сәйкес медициналық куәландырудан өткен адамдар»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамдарға басқару құқығы теориялық және практикалық емтихандар тапсырғаннан кейін қайта қалпына келтіріледі. Бұл ретте практикалық емтихан жүргізуші басқару құқығынан айырылған көлік санатынан жоғары көлік құралында қабылданады.»;

19-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) 083-у нысаны бойынша медициналық анықтама;»;

19-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тұрақты немесе уақытша тұрғылықты орны бойынша тіркелгенін растайтын құжатты».

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (Б.Б. Бисенқұлов) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды және оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

полиция генерал-лейтенанты

М и н и с т р
Қ. Қасымов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК